

2016 жылы әскерге шақыру учаскесіне азаматтарды тіркеу туралы

Қарағанды облысы Шахтинск қаласы әкімінің 2015 жылғы 27 қарашадағы № 5 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 5 қаңтарда № 3594 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2012 жылғы 16 ақпандағы "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Заңдарына сәйкес, **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 2016 жылдың қаңтарынан наурызына дейін тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды әскерге шақыру учаскесіне тіркеу ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Осы шешімнің 1 тармағында көрсетілген азаматтарды әскерге шақыру учаскесіне тіркеуге алуды өткізу қорытындысы туралы ақпарат 2016 жылдың 7 сәуіріне дейінгі мерзімде ұсынылсын.

3. Осы шешімінің орындалуын бақылау Шахтинск қаласы әкімінің орынбасары К. К. Глеубергеновке жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

С. Аймаков